



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Талап қатаң болады. Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынымын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Уәкілетті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен қаражатты еліміз үшін маңызы зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет. Алайда бұл істе құқық қорғау органдары жүгенсіздікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертемін, «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жоққа шығаруына жол берілмейді.

№16
(4604)
Бейсенбі
8 ақпан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҮКІМЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жиында былтыр атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңнің басты міндеттері айқындалатынын атап өтті.

«Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат баршаңызға белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни, нақты меже бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ

макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, бағытты әрекет ету керек» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болғаны жөн. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

(Соңы 2-бетте)



КӨПТЕН КҮТКЕН ҚОНЫСТОЙ

Астанада құрылысы 11 жылға созылған тағы бір тұрғын үй аяқталып, үлескерлер пәтер кілтін алды.

«Future home» көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы 2013 жылы басталған еді. Нысанның өзі 2017 жылы проблемалы деп танылған. Мұндағы үлескерлер саны – 200-ге жуық отбасы.

«Нысанды ЕҚК-ге өткізу кезінде 4 және 7 қабаты ғана

салынған. Бұл үйді аяқтау үшін көптеген жүйелі жұмыс, оның ішінде инженерлік желілер бойынша да жұмыс жүргізілді. Төрт блоктың тұрғындарына пәтер кілті табысталды. Ал бесінші блоктың үлескерлері жақын арада баспаналы болады.

Астанада осыған дейін мемлекет қолдауының арқасында құрылысы ұзаққа созылған 140-тан астам тұрғын үй кешені аяқталды. Осылайша 15,5 мыңға жуық үлескер отбасының проблемасы шешілді.

Биылғы құрылысы ұзаққа созылған 10 үй қалады. Оларды

осы жылдың I, II тоқсанында аяқтаймыз. Әрбір нысан бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары бар. Құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуы – Мемлекет басшысының бақылауында» деді елорда әкімі Жеңіс Қасымбек.

ЖАСТАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Бас қалада колледж мамандықтары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Екі жылдан бері мектеп түлектерінің мамандық таңдауына көмектесу үшін жәрмеңке ұйымдастырылып келеді. І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназияда өткен биылғы жәрмеңкеге 12 колледждің өкілдері қатысты. 9-11-сынып оқушыларына гуманитарлық және тех-

никалық бағытта қандай мамандықты игеруге болатыны туралы кеңес-мағлұматтар берілді. Жастарға арналған мамандық жәрмеңкесі Астанада жұмысшы мамандықтарына грант арқылы оқуға түсушілер саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқанына ықпал етіп отыр.



ТАНЫМАЛ ТҰЛҒАЛАР ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Елордада бірқатар мектепке қазақтың танымал тұлғаларының есімі берілді.

Астана қаласының кейбір білім беру ұйымдарына жеке адамдардың есімін беру туралы Астана қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес: №20 орта мектепке Шәкен Айманов, №27 мектеп-лицейге Қасым Қайсенов, №38 мектеп-лицейге Әлімхан Ермеков, №64 мектеп-лицейге Сұлтанбек Қожанов,

№94 мектеп-гимназияға Тұрсынбек Кәкішұлы, №89 мектеп-лицейге Дулат Бабатайұлы, №44 орта мектепке Рақымжан Қошқарбаев, №24 орта мектепке Жүсіпбек Аймауытов, №59 мектеп-лицейге Кәрім Мыңбаев, №34 орта мектепке Барлыбек Сырттанұлы, №63 мектеп-гимназияға Шерхан Мұртазаның есімі берілді.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.73 \$ USD/KZT 454.59 ₸ RUB/KZT 5.01 ¥ CNY/KZT 63.24

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

(Соңы. Басы 1-бетте)

Төлен ТІЛЕУБАЙ

БЮДЖЕТКЕ ҚАЗЕТТІ ҚАРЖЫ ТҮСҮІ КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі экономикалық ахуалға қатысты бірқатар нақты міндетке тоқталды.

«Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді. Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді. Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалады, стратегиялық мақсаттар соның көлемесінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындау керек» деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерімді қамтамасыз етуі керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет жаңа инвестициялық кезеңді бастауға тиіс екенін айтты. Ол негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып бара жатқанына назар аударды. Басқаша айтқанда, экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

«Инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кедергілер, әсіресе, аймақтарда жиі болып тұрады. Әкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Аймақтар жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек» деді Президент.

Мемлекет басшысы жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысы қорытындыланатынын айтты. Әрбір министр мен әкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға беріледі.

«Талап қатаң болады. Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынмын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Уәкілетті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен қаражатты еліміз үшін маңызы зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет. Алайда бұл істе құқық қорғау органдары жүгенсіздікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертемін, «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жоққа шығаруына жол берілмейді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ҮКІМЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАП БЕРДІ

БАСТЫ МІНДЕТ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау тағы бір маңызды міндет ретінде айқындалды. Бұл жұмыс инвестиция тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіндегі реформалармен барынша үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс.

«Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі қызу талқыланып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалағын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние. Алайда мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек. Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынуына, мүлік иелерінің бірлестігін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда құзырлы органдар әлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр. Үкімет бұл мәселе бойынша жыл соңына дейін нақты шешім қабылдауы керек» деді Мемлекет басшысы.

ӨНДІРІС НЕГЕ ДАМЫМАЙ КЕЛЕДІ?

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздегі өндірістің дамуына тың серпін беруді талап етті.

«Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін былтыр жеке министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек. Министрлік саланың даму бағдарын анықтап, инвесторларға жол көрсетуі керек. Озық технологияны қолданатын жаңа өндірістер ашу қажет. Алайда нақты шаралар мен әдіс-тәсілдер дайын емес. Өндірістің дамуына серпін беретін жобалардың тізімі бар. Дегенмен бұл жұмыс та толық аяқталмаған. Бұл өндірістер экономика құрылымын өзгертуге, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалауға және технологиялық өсімді қамтамасыз етуге тиіс. Әзірге мұның ешқайсысы іске асқан жоқ» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тағы бір маңызды міндет – агроөнеркәсіп кешенін дамыту

және су ресурстарын үнемдеп пайдалану.

«Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржының барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн. Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңартып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы су үнем-

дейтін технологияларды кеңінен қолдануға енгізудің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бүкіл ел болып суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастырумыз керек. Елімізде су тым орынсыз жұмсалады.

НАҚТЫ ІС-ШАРАЛАР ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Оның айтуынша, елді мекендердің жылы-тіршілігіне қажетті барлық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі.

«Жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталана береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен оқшылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр. Алматыдағы екінші жылу электр орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті. Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогы қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты. Сондай-ақ Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақы-

тылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет, ең алдымен, былтыр аяқталмаған 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаваттан асатын қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды. Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес» деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкіметке елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды.

ЖОЛДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ МӘЗ ЕМЕС...

Сондай-ақ еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін жұмысты жандандыру қажет екенін атап өтті. Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын бағдарламалық құжат қабылдау міндеті жүктелді.

«Келесі – автожол мәселесі. Еліміз үшін айрықша маңызды «Астана – Балқаш – Алматы» тас жолы әлі күнге дейін жөн-

публика», «Ақжол», «Ауыл» партиясы Бектеновтің кандидатурасын қолдады. 69 депутат Бектеновтің кандидатурасын қолдап, 7 депутат қалыс қалды.

Жаңа Премьер-министр тағайындалғаннан кейін бұдан бір күн бұрын таратылған ескі Үкімет мүшелерінің басым көпшілігі бұрынғы қызметінде қалғаны мәлім болды. Министр қызметіне жаңадан 4 адам келді. Бұрынғы Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың орнын сенатор Ақмарал Әлназарова басты. Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров келсе, Шыңғыс Әрінов Төтенше жағдайлар министрі, Мәди Тәкиев Қаржы министрі болып тағайындалды.

деліп біткен жоқ. Құрылыс 2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған – Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына 5 жылдан асты. Биыл осы жұмыстар біржола аяқталуға тиіс. Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек. Әзірге жағдай мөз емес» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды екенін еске салды. Президент мемлекеттік және қаржы қызметтерін цифрландыру ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткізілгенін айта келе, еліміз қуаты күшті суперкомпьютер құруға кіріскенін мәлімдеді. Ол ғалымдарға ғана емес, сонымен қатар біздің нарықта жұмыс істейтін түрлі компанияларға да қолжетімді болады.

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ ПЕН КӨЗБОЯУШЫЛЫҚТЫ ДОҒАРАЙЫҚ!

Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік сала мәселелеріне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау құрылымдары және механизмдерін толық қайта қарау қажет екенін айтты. Президенттің пікірінше, әлеуметтік көмектің тиімділігін арттырып, оның кімге және қалай берілетінін ойластыру керек. Сонда бөлінген қаржының барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беруге мүмкіндік туады. Денсаулық сақтау жүйесінде қордаланған мәселелер де назардан тыс қалмады.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс. Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасақталуы керек» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобаларын жүзеге асыруға кедергі болып отырған барлық мәселені дереу шешуді тапсырды.

«Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет» деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді аудан аумағындағы кәсіпкерлерді қабылдады.

– Кәсіпкерлермен кездесу осыдан кейін де жалғасын табады. Яғни әр аптаның сәрсенбі күні ұйымдастырылады. Аудан әкімінің қабылдауына кәсіпкерлермен қоса, инвесторлар да келді. Сондай-ақ елордалық басқармалар, Кәсіпкерлер палатасының өкілдері де болды. Кездесудің мақсаты – аудан төңірегіндегі кәсіпкерлер мәселелерін шешу, – деді Байқоңыр ауданы кәсіпкерлерді қолдау бөлімінің басшысы Райымбек Айтжан.

Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді кездесуде 7 ірі, орта және шағын кәсіпкерлік субъекті өкілдерінің мәселелерін тыңдап, шешу жолдарын ұсынды. Олардың

бірі кәсіпкерлік жобаларының техникалық мәселелерінің оң шешім табуына жергілікті әкімдіктің ықпал етуін сұраса, бірі кәсіпкерлікке арналған жер аумағына қатысты даулы мәселелердің төрелігін айтуды сұрады.

Шыны талшықты құбырларды шығару және сатумен айналысатын серіктестік өкілі кәсіпке ғана емес, тұрғындар қозғалысы үшін де кедергі келтіріп тұрған жол мәселесін көтерді.

– Мен әкім қабылдауында Жетіген, Х.Досмұхамедұлы, А.Пушкин көшелерінде көлік қозғалысы көп екенін айттым. Бұл жолдармен жүк көліктері де, басқа қоғамдық және жеңіл көліктер де қатынайды. Толассыз

көлік қозғалысы кептелістер туғызып, жолаушылардың ұзақ уақытын алады. Мәселені шешу үшін сол жерде жолды тарылтып, кедергі келтіріп тұрған ескі жылыту құбырларын кесу немесе жер астымен жүргізу мәселесін ұсындым. Байқоңыр ауданы әкімі ескі жылыту құбырларын жер астымен жүргізу қымбатқа түсетінін, оған әзірге мүмкіндік жоқ екенін айтты. Алайда бұл мәселе күн тәртібі бойынша шешілуі тиіс мәселелердің қатарына енді, – деді «Amitech Astana» ЖШС-тің коммерциялық директоры Арман Әубәкіров.

Бұдан кейін де көкейтесті мәселелерді көтерген кәсіпкерлерге аудан әкімі мен басқарма өкілдері оңтайлы шешімдерін ұсынды.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік салаға қатысты біршама өзгеріс енгізді.

ЕРЕКШЕ НАЗАР ҚАЖЕТ

«Реформа жүргізген кезде әлеуметтік көмектің кімге және қалай берілетінін түгел қайта қарау қажет. Яғни, бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беру керек. Қазіргі таңда төрт жарым миллионға жуық адам мемлекеттен әлеуметтік көмек алады. Бұл – шамамен еліміздің әрбір бесінші тұрғыны деген сөз. Басым көпшілігі – еңбекке жарамды азаматтар. Халыққа әлеуметтік көмек береміз деп, біз, шыны керек, қоғамда масылдық психологияға жол бердік. Өркениетті ел боламыз десек, мұндай жағымсыз үдеріске тосқауыл қоюымыз керек. Тұратын үйі, тіпті, астында қымбат көлігі бар азаматтарға емес, көмекке зәру адамдарға көмек берілуі қажет. Жалпы, азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін қайта қараған жөн» деді Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент медициналық инфрақұрылымды дамытудың маңызы зор екенін атап өтті. Алайда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру аясында жоспар-



ланған 655 нысанның тек 85-і ғана пайдалануға берілген. Сондай-ақ жаңа форматтағы 369 мектепті пайдалануға беру жоспарланған болатын. Бірақ техникалық құжаттарды уақытылы дайындауда және жер учаскелерін бөлуде қиындықтар туындап тұр. Мемлекет басшысы осыған қатысты Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Денсаулық сақтауды жаңғырту» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобаларын іске асыруға кедергі келтіретін барлық мәселені шешуді тапсырды.

Ерлан ДӘКЕНОВ,
Астана қаласы
мәслихатының депутаты

ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ

Астана қаласы Нұра ауданының әкімдігінде тұрғындардан «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына өтінімдер қабылдау басталды. Қала тұрғындарының ұсынысы 1 наурызға дейін қабылданады.



«Халық қатысатын бюджет» жобасы елордада 2019 жылдан бастап іске асуда. Жыл сайын Астанада бағдарлама аясында 100-ден астам аула жаңартылады.

Бағдарлама мақсаты – астаналықтардың идеялары мен ұсыныстары негізінде аулаларда күрделі жөндеу өткізу. Оған қатысу үшін жоба авторларына жөндеудің болжамды құнын көрсету, ауланы абаттандырудың эскизін/макетін, сондай-ақ тұрғындардың жалпы жиналысының хаттамасын жүктеу жеткілікті. Жобалық ұсыныстарда аулаларды күрделі жөндеу, көгалдандыру, жарықтан-

дыру, орамшілік асфальттау және т. б. жұмыстарды көрсетуге болады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы 7 кезеңнен тұрады: сараптамалық кеңес құру, өтінімдерді қабылдау, жобалық ұсыныстарды талдау, дауыс беру, қорытындылау, жұмыс жоспарларын құру және іске асыру.

Биыл «Халық қатысатын бюджет» алғаш рет Нұра ауданында бастау алмақ.

Айта кетейік, ағымдағы жылдан бастап тұрғындар eGov mobile қосымшасы арқылы жобаларға өтініш, дауыс бере алады.

АРДАГЕРЛЕРДІ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Кеше Астана қаласы Нұра аудандық Ардагерлер кеңесінің екінші пленумы өтті. Жиында өткен жылғы жұмыстар қорытындыланып, 2024 жылдың жоспары айқындалды.

Райхан
РАХМЕТОВА

Пленумға аталған аудан бойынша Ардагерлер кеңесі мүшелерінен қатар, Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова қатысты. Былтырғы жұмыс қорытындысы туралы аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтмағамбет Аипов баяндады. Күн тәртібінде өткен жылдың қорытындысымен қатар, қарттардың денсаулығын сақтау мәселелері және кеңестің «Үркер» тұрғын алабындағы бастапқы ұйымының есебі де тыңдалды.

– Құрылғанымызға 6 ай ғана уақыт өтсе де, қаланың қоғамдық өміріндегі

жұмыстарға белсене кірісіп кеттік. Бүгінде кеңестің 3 бастауыш ардагерлер ұйымы болса, соған 1558 адам тіркелген. Тағы 1016 ардагердің басын қосып, бастауыш ұйым құру керек. Жалпы ауданда барлығы 3116 зейнеткер бар. Соның ішінде тылда жұмыс істегендер саны – 54. Қазіргі таңда аудан зейнеткерлерінің 30 пайызы әзірге Достық көшесі, 13 мекенжайында орналасқан «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына барады. Осы көктемде Нұра ауданының өзінде осындай орталық ашылады деп отырмыз, – дей келе, А.Аипов әзірге аудандық Ардагерлер кеңесінің жұмысын дұрыс жүргізуге жағдай жасала қоймағанын жеткізді. Сонымен қатар ауданға қарасты 4 емханада да қарттар денсаулығы үшін

маңызды геронтология қызметінің жоғын айтты.

Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есіловтің айтуынша, бүгінде Астанада 123 мың зейнеткер болса, солардың тек 60 мыңы ғана Ардагерлер кеңесіне тіркелген.

– Басты мақсатымыз – қаладағы зейнеткерлердің құқығын қорғау, алайда олар да бізге келіп тіркеліп, қолдау білдіруімізге мүмкіндік тудыруы керек. Сондықтан жаңа ауданның Ардагерлер кеңесінің алдындағы басты міндет – барлық зейнеткерді өз қатарына тарту, оларды есепке алу.

Пленумда басқа да ардагерлер сөз алып, аудан көлемінде өздері көріп жүрген өзекті мәселелер жөнінде ой бөлісті. Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова ауданның болашағы зор екенін айтып, пленумда көтерілген мәселелер бойынша алда атқарылатын жұмыс жоспары бар екенін жеткізді.

ШЫҒАРМАШЫЛ МҰҒАЛІМДЕР БАС ҚОСТЫ

Елордадағы Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейде Астана қаласының Әдістемелік орталығымен бірлесіп «Заманауи мектеп: даму және ынтымақтастық мүмкіндіктері» атты өңірлік семинар өтті. Оған Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстары мен Астана қаласы орта білім беру ұйымдарының басшылары қатысып, іс-тәжірибемен бөлісті.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Семинарда жалпы білім беретін мектептер мен әртүрлі ұйымдар арасындағы ынтымақтастық тәжірибесі, білім беру және әлеуметтік жобалар аясында оқушылар мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың нәтижелері көрсетілді. Оқушылардың функционалдық сауатын дамыту

шеңберінде кіріктірілген сабақтар, құндылықтарға негізделген білім беру, lesson study әдісін қолданатын сабақтар, халықаралық, қалалық және мектепшілік деңгейдегі мұғалімдер мен оқушылардың жұмысын келушілер тамашалады.

Республикалық семинар аясында «Шығармашыл ұстаз» аймағы салтанатты түрде ашылды. Мектептің 3-қабатында ашылған аймақ көркем еңбек пені мұғалімі Ерлан Ахметқалиевтің еңбек



жолындағы өмірлік іс-тәжірибесімен жасалды. «Шығармашыл ұстаз» аймағының басты мақсаты – оқушыларға рухани әрі шығармашылық демалыс аймағын жасау, өнерге деген қызығушылығын, талабын ояту, қолдау және бағыттау.

– Бала тәрбиесінде ең маңызды дүние бар. Бұл – балаға уақыт бөлу. Мектепте үзіліс кезінде баланы тәрбиелеуге 15 минут уақыт бөлуге болады. Осы орайда ата-аналарға айтарым, балаға ақыл-кеңес, пайдалы дүниелерді айтуға да осы уақыт жеткілікті. Сондықтан күн сайын балаға тәрбиені мектепте педагогтар, үйде ата-ана берсе, болашақта саналы әрі білімді ұрпақ өсіреміз, – дейді Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей директоры Кұлжан Тұлеуова.

Мемлекет тарапынан барша қазақстандықтың баспаналы болуына жағдай барынша жасалып жатқан секілді. Бір қарағанда, төмен пайызбен ипотекалық несиелену алуға, кейін пәтерді сатып алу құқығына ие болуға мүмкіндік бар көрінеді. Алайда жылдап кезекке тұрғанмен, баспанаға қолы жетпей жүргендер жеткілікті. Себебі мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының шарты ойға қонымсыз.

Осы айдағы өңірлерге жұмыс сапарымыздың барысында сайлаушылармен кездесудің барлығында дерлік тұрғын үй мәселесі көтерілді. Не ауылда үйі жоқ, не қаладан баспана ала алмай қиналып жүрген отандастарымыз бар. Айына республикадағы ең аз жалақы саналатын 85-100 мың теңге ғана алатын адамдар ипотекалық несиенің бастапқы жарнасын да жинай алмай отыр. 20-30 пайыз бастапқы жарна өте көп болып тұр.

Мысалы, «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды

БАСПАНАСЫЗ ЖАСТАН ҚАНДАЙ БОЛАШАҚ КҮТЕМІЗ?

дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қалың көпшілікке емес, тұрғын үй кезегінде тұрған мұқтаж жандарға ғана арналған әрі бұл бағдарлама аясында тек әкімшілік ұсынған жаңа үйден ғана баспана алуға болады. Ал қазір кейбір өңірде соңғы 2 жылда салынған нысан жоқ. Себебі ондай арзан үйлерді салу үшін қаржы керек. Салдарынан үй кезегі жылжымайды.

«7-20-25» бағдарламасы бойынша көп адам ипотека рәсімдей алмай жүр. Бұл бағдарламаға жылына 100 млрд теңге бөлінеді, айына шаққанда 8,3 млрд теңге. Осы қаражатты банктерге бөлсек, бір банк тек 70 адамға ғана ипотекалық несиелену алады. Қазіргі таңда «Отбасы банк» АҚ өңірлік әкімдіктермен бірлесіп отырып, жастарға арналған дербес бағдарламаларды іске асырып жатыр. Алайда бұл бағдарлама 35-ке толмаған жастардың бәрін бірдей баспанамен қамтып жатқан жоқ. Оған тек денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, әлеумет саласының, ЖОО мен ФЗИ, құқық қорғау органдары, коммуналдық мекемелердің



профильдік қызметкерлері, журналистер қатыса алады. Бірақ жеке компанияда қызмет ететін, базарда сауда-саттықпен айналысатын, такси жүргізушісі болып жүрген жастар қатыса алмайды. Бұл әділетсіз деп санаймын.

Еліміздегі барлық азаматты қалай баспанамен қамтамасыз етуге болады дегенге ұсынысымыз айтайын. Тұрғын үй бағдарламаларының шартын өзгерту керек. Үй кезегінде тұрған азаматтардың әлеу-

меттік жағынан осал топтары үшін ипотекалық несиені төлем қабілетін растаусыз 2 пайызбен беру қажет. Сонымен қатар алғашқы жарна 0 пайыз болып, бірінші (первичка) және екінші (вторичка) нарықтан пәтер алуына рұқсат берілгені дұрыс және пәтер бағасына шектеу болмауы керек. Екінші нарықтан пәтер алуға рұқсат берсек, баға өсіп кетеді деп қорқудың қажеті жоқ. Себебі жоғарыда көрсетілген санаттар саны көлге

тамған тамшыдай. Азамат қай өңірде үй кезегінде тұрса, баспананы тек сол өңірден алуы тиіс. Сондай-ақ конкурс жыл кезегіне байланысты болғаны абзал. Яғни үй кезегіне кім ерте тұрды, пәтер сол адамға тиесілі. Ешқандай категорияға басымдық берілмеу керек.

Жастар санатына келсек, оларға 5 пайыз алғашқы жарнамен және 5 пайыз ставкамен ортақ бағдарлама керек. Әр өңірге әртүрлі атаумен бағдарлама ойластыра бергенше,

бір ортақ бағдарлама жасалса игі. Ешкімді бөліп жармай, өз қаласында кем дегенде 1 жыл жұмыс өтілі бар 35 жасқа дейінгі жастардың барлығын қатыстырған жөн.

Прописка сұрату талабын алып тастау қажет, себебі баспанасы жоқ жастар кімнің үйіне тіркеледі? «Ел болашағы – жастардың қолында» дейміз, үй-күйі жоқ жастардан қандай болашақ күтеміз?!

Бұдан бөлек, әлеуметтің барлық санатына, яғни жалпыға ортақ арнайы бағдарлама қажет. Болашақта «Отбасы банк» арқылы жүзеге асатын «9-20-25» бағдарламасына жылына 150 млрд теңге бөлу жоспарланып жатыр. Бұл бағдарламаның алғашқы жарнасын 20 пайыздан 10 пайызға азайту керек. Алғашқы жарнаны жинау көп адамға оңай болмай тұр. Пайыз мөлшерлемесін 8 пайызға төмендетсек, халыққа тиімдірек болады. Сондай-ақ алғашқы жарнаны пәтер алушыға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (ЕНПФ-тан) жақын туыстар арасында 50 пайыз қаражатқа дейін табыстауды рұқсат еткен дұрыс деп санаймын. Жақын туыстарға жұбайын, ата-ана, бір әкеден не бір анадан туған бауырлар, немерелерді жатқызуға болады.

Наурыз САЙЛАУБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Аманғали ҚАЛЖАНОВ


Алдымен бұл байқау тарихына тоқталайық. Жазушының қарындасы Ғалия Бөкейқызының айтуынша, 1998 жылы Ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбайұлы тіл мерекесі аясында Оралхан Бөкей оқуларын өткізуді ұсынды. Көрнекті ақын Ұлықбек Есдәулет байқау ережесін жазды. Кейін бұл үш деңгей бойынша өтетін маңызды шараға айналды. Байқауға қатысушылар поэзиялық, прозалық және драмалық шығармалардан үзінді оқыды. Оралхан атындағы байқау болғанмен, мұнда Қазақстанның барлық қаламгерлерінің шығармалары насихатталды. Аталмыш оқуларға Оралханның аты берілуінің де өз мәні бар.

Жазушының әу баста таңдаған мамандығы әртістік еді. Сол арманды арқаланып, Алматы консерваториясына оқуға түскені де бар. Онда Қазақстанның Халық әртісі Гүлжан Әспетовамен бірге оқыды. Бірақ әке-шешесі әртіс болуына қарсы шығып, Оралхан ҚазМУ-дің журналистика факультетіне ауысты. Бірақ бойындағы әртістік дарынын жоғалтпады. Көзкөргендердің айтуынша, жазушы кейбір поэзиялық және прозалық шығармаларды кәнігі әртістерше оқыды. Соның ішінде ұлы Абайдың, Лермонтовтың шығармалары, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесі болды.

Оралхан Бөкей атындағы көркемөнер оқу орталығы байқауында, шынымен де, Оралханның ғана емес, еліміздің барлық қаламгерлерінің шығармалары оқылды. Бір атап өтерлігі, Оралхан оқулары алдымен облыстық, қалалық деңгейде өткізіліп, онда топ жарғандар қорытынды республикалық кезеңге жіберілетін. Осыдан тура 20

Кейінгі жылдары елімізде оқушылар арасында жалпақ жұрт танымайтын қаламгерлер, әншілер, композиторлар атында шығармашылық байқаулар өткізу белең алып барады. Бұл санасы қалыптаспаған балалардың талғамын өсіру емес, өшіру деп есептейміз. Осындайdan кейін өскелең ұрпақ асылы қайсы, жасығы қайсы айырмайтын болады. Біздіңше, мұндай байқауларға келгенде жоқтан бар жасамай, барды ұқсата білу керек. Бірақ бізде осы жағы кемшін. Біреулердің тақиясына тар келген бе, қызғаныштың қызыл иті тартқылады ма, әйтеуір, бірнеше жыл бұрын Оралхан Бөкей атындағы республикалық көркемөнер оқу шеберлері байқауы тоқтатылды. Күні кеше ғана елорданың Алматы ауданындағы А30 жобалық көшеге көрнекті жазушы-драматургтің аты берілді. Оралхан оқуларының оралатын кезі де келді.

ОРАЛХАН ОҚУЛАРЫ ОРАЛА МА?



жыл бұрын біз де бұл байқаудың облыстық кезеңіне қатысқан едік. Сол жылы қазақтың үш арысы Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин және Лияс Жансүгірөвтің 110 жылдығы атап өтілді. Байқауға қатысушыларға осы қаламгерлердің шығармаларынан үзінді оқу да міндеттелді. Сол кезде өзіміз поэзиядан Лиястың «Күйші» поэмасын, прозадан Оралханның «Кербұғы» әңгімесін, драматургиядан Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасын таңдадық. Бізбен қатар байқауға қатысқандар «жыр қағаны» атанған Жұматай Жақыпбаевтың өлеңдерін,

Байқау 18-35 жас аралығындағы жастар арасында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру, талапты және талантты жастарды табу мақсатында өткізіліп, талай дарынға өнерге, әдебиетке жолдама берді

көрнекті ақын Есенғали Раушановтың жырларын оқығаны да есімізде қалыпты.

Жалпы бұл байқау 18-35 жас аралығындағы жастар арасында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру, талапты және талантты жастарды табу мақсатында өткізіліп, талай дарынға өнерге, әдебиетке жолдама берді. Мәселен, 1998 жылы Астана қаласында өткен алғашқы Оралхан оқуларына қатысқан Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясының сол кездегі 2-курс студенті Күнсұлу Шахметова бас жүлдені

иеленді. Қазір ол танымал актриса, дубляж маманы, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында қызмет істейді. «Мәдениет саласының үздігі» атағын да иеленді. Ал сол байқауда 1-орын алған Райхан Қалиолдина кейіннен «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды, бүгінде Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар және жасөспірімдер театрының актрисасы, кино өнері арқылы да жұртқа таныс.



Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ,
жазушының қарындасы:

– Оралхан Бөкейдің атына Астана қаласында көше беріліп жатыр. Биылғы мамыр айына қарай сол көшенің ашылуын қарастырамыз ба деп отырмыз. Өйткені қайтыс болған күніне орай бір іс-шара өткіземіз бе деген ой да бар. Ал Оралхан оқулары жандандыру әртүрлі деңгейде көтерілді. «Астана ақшамы» газеті де үнемі көтеріп жүр. Сіздерге көптен-көп рақмет! Былтыр «Оралхан оқулары керек» деп оқырмандар тарапынан

да, зиялы қауым тарапынан да, Астана, Алматы, Өскемен қалаларында өткен конференциялар барысында да айтылды. Сенатор Нұртөре Жүсіп те қозғады осы мәселені. Қазақстан Жазушылар одағына да хат жазылды. Бірақ Мәдениет және ақпарат министрлігіне байланысты болғанымен кейін бір министр келеді, мәселе оған жете бергенде ауысып жатады, сол себептен министрлік тарапынан әзірге ешқандай шешім қабыданған жоқ.

Әлібек АСҚАРОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:



– Өткен жылы Оралхан Бөкейдің 80 жылдығы атап өтілді. Өзінің туған жері Қатонқарағайда, оқыған мектебінде, Өскемен, Астана қалаларында іс-шаралар ұйымдастырылды. Мерейтой нүктесі Алматыда қойылды. Оған бюджеттен көк тиын жұмсалмады, соның бәрін елдегі меценаттар көтерді. Оралхан Бөкей оқуларын осыдан ширек ғасыр бұрын Алтынбек Сәрсенбайұлы бастады. Әдемілеп тұрып екі адамның концепциясы жасалды. Бірі – Оралхан оқулары, екіншісі – Сейдахмет Бердіқұлов атындағы журналистер арасындағы футбол турнирі. Екеуі де тоқтап қалды. Кейін қозғау салып, Оралхан оқулары жалғасты. Бірақ министрлер ауысқан сайын күн райы бұзылғандай қайтадан жоқ болып кетті. Соны енді министрлікке де, басқа өкілетті органға да артпай, меценаттар қолға аламыз деп отыр. Мен мүмкіндігімше мұны бақылауға алып отырмын. Сондықтан Оралхан оқулары қайтадан жаңғырады деп ойлаймын.

Күрес түрлерінен Қап тауының өкілдерінің деңгейі жоғары. Әсіресе, Дағыстан балуандарының бабы мен бағы артық. Қазір Европа мен Азия елдерінің ту астында дағыстандықтар көптеп өнер көрсетеді. Иранда күрес түрлері ұлттық спорт санатына жатады. Тіпті даңқты балуандарын «ұлт батырына» балап, жастарға үлгі-өнеге етеді. Сондықтан ирандықтар күрестен осал емес. Кейінгі жылдары спорт ғылымы дамыған АҚШ пен Жапонияның балуандары бәсекені қыздырып жүр. Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан және Моңғолия балуандары алтын медальға таласып, ара-тұра тұғырдың биігінен көрінуде. Грек-рим күресінен біздің балуандар 25 жыл бұрын Афинада өткен әлем чемпионатында дараланса, Атланта Олимпиадасында чемпион шықты. Ал еркін күрестен былтыр Белградта өткен әлем чемпионатында тұңғыш рет чемпион шықты. Басқа мақтанарлық жетістігіміз аз.

Әрине, бұған спорт сарапшылары түрлі себеп-салдарын келтіреді: балуандар психологиялық тұрғыдан дайын емес, физикалық әлеуеті мен тактикалық шеберлігі жетпейді, функционалдық дене дайындығына деңгейі төмен, спорттық медицина мен ғылым дамымаған. Олай болса, жыл сайын миллиондаған қаржыны не үшін, кім үшін бөлініп жатыр? Алдымен, осы кемшіліктерді жоюға жүйелі жұмыс жүргізу керек емес пе? Бір құрамаға бір психолог, массажист, диетолог емес, байрақты бәсекеге қатысатын әрбір спортшыға бір-бір маманнан бекітілсе қайтпеді? Бұл тәжірибе Жапония мен АҚШ-та бар емес пе?

Биыл – Олимпиадалық циклді түйіндейтін жыл. Енді спортшылар Париж төрінде өнер көрсету үшін барын салады. Жақсылық Үшкөмпіров атындағы спорт сарайында осындай аураны сезіндік. Алдымен 10 салмақ дәрежесінде белдескен грек-рим күресінің шеберлері кілемге шықты.

55 келі салмақта алтын медальға басты үміткер Аманғали Бекболатов болды. Бұған дейін екі рет Азия чемпионатында жүлде алған балуан Бішкек қаласында өтетін лицензиялық турнирге баруға үмітті болды. Жартылай финалда Аманғалидың осал тұсын астаналық Айбек Айтбеков тапты. Сөйтіп, Айбек чемпионаттың алғашқы сенсациясын тіркегенімен, финалда жетісулық қарсыласы Нұрзат Қабдырахимовқа шамасы жетпеді.

60 келі салмақта белдескен



БАЛУАНДАР БӘСЕКЕСІ

Ақпан айының басында Астана қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Қазақстан чемпионаты өтіп, оған өңірлерден 600-ден астам балуан келді. Біз балуандардың бабын байқап, күрес түрлерінің даму деңгейін сараладық.

Азия чемпионы, әлем чемпионатының жүлдегері Айдос Сұлтанғали жарысқа бабында келіпті. Қарсыластарын оңай жеңіп, алтын медальға қол созды. Әлемде бұл салмақта қырғызстандық

алу үшін Шаршенбеков сынды мықтыларды мойындауы керек.

Біздің назарымыз ауған тағы бір салмақ – 77 келі. Бұл салмақта ұзақ жылдан бері Демей Жадраев мықты екенін дәлелдеп

ауыстыру үшін дайындалып жатыр.

Демек біздің Айдос пен Демей Алатаудың арғы бетіндегі балуандармен тең өнер көрсеткен кезде ғана алтын

аннан үміт күтеміз. Қашанда әлемдік деңгейдегі турнирлерде біздің ауыр салмақтағы грек-рим өкілдері медальға таласатын. Сол дәстүрді Олжас Сырлыбай пен Әлімхан Сыздықов жалғастырар.

Енді әйелдер күресіне көшейік. Біздің балуан қыздар үш рет Олимпиада ойындарына қатысып, алты рет жүлде алды. Бұл – еркін және грек-рим күресі балуандарының нәтижесінен жоғары көрсеткіш. Пекин Олимпиадасында Елена Шалыгина жүлделі болса, Лондонда – Гузель Манорова, сондай-ақ Рио-де-Жанейрода – Екатерина Ларионова мен Эльмира Сыздықова қуантты.

Әйелдер күресінде елордалық балуандар мықты екенін дәлелдеді. 53 келі салмақты Жылдыз Әшімова, 57 келіде Эмма Тисина, 76 келіде Жәмила Бакбергенова алтын медаль алса, 68 келіде белдескен Мәдина Бакбергеноваға күміс медаль бұйырды.


Күрес жанкүйерлерінің назары ауған орталық күрес 76 келіде орын алды. Қарсыластарының осал тұсын тапқан екі мықты – Эльмира Сыздықова мен Жәмила Бакбергенова финалда кездесті. Екеуінің де атақ-даңқынан ат үркіді. Біріншісі – Олимпиада ойындарының жүлдегері, екіншісі – әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері. Бір-бірінің қыр-сырын жақсы білетін балуандар андысып жүрмей, ұтымды әдіс жасауға бірден кірісіп кетті. Жәмилаяның соңғы секундтарда жасаған әдісі төрт балға бағаланып, жеңімпаз болды.

Еркін күресте 57 және 65 келіде сенсация орын алды. Жеңіл салмақта белдескен Ерасыл Мұхтарұлы жеңіс жолында Рахат

Қалжан, Мейрамбек Картбай сынды чемпиондарды ұтты. Олимпиадалық салмақ – 65 келіде 20 жастағы маңғыстаулық Майис Алиев мықты екенін дәлелдеді. Ол жартылай финалда халықаралық деңгейдегі спорт шебері Адлан Аскарұлы, финалда былтырғы чемпион Санжар Мұхтарұлы жеңді. Осы салмақта Шымкент қаласының атынан күрескен ресейлік легионер Начын Куулар үшінші орын алды.

Күрестің бұл түрінен орталық күрес 74 және 97 келіде орын алды. Олимпиадалық екі салмаққа ыңғай мықтылар жиналды. Мәселен, 74 келіде бес бірдей Азия чемпионы қатысты. Олар: Санжар Досжанов, Дархан Есенғали, Данияр Қайсанов, Сырбаз Талғат, Нұрқожа Қайпанов. Финалға соңғы екеуі шығып, Нұрқожа жеңімпаз атанды. Бұл салмақта әлем чемпионатының күміс жүлдегері Нұрлан Бекжанов та жүлдесіз қалды. Яғни 74 келіде бәсеке жоғары. Осы бәсеке Азия мен әлемде біздің балуандарды үздік етсе жақсы. 97 келіде әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан мен Азия чемпионатының көп дүркін жүлдегері Алишер Ерғали белдесіп, 10:14 есебі тіркелді. Сөйтіп, Бішкекте өтетін лицензиялық турнирге Алишер жолдама алды.

Азия күрес федерациясының президенті, Қазақстан күрес түрлері федерациясының басшысы Дәулет Тұрлыханов чемпионаттың жабылу рәсімінде Париж Олимпиадасына жолдама алған, әлем чемпионатының жүлдегері Азамат Дәулетбековке «Еңбек сіңірген спорт шебері» атағын беріп, байрақты бәсекеде сәттілік тіледі.



Жоламан Шаршенбеков үстемдік құрып тұр. 2022 және 2023 жылғы Белградта өткен әлем чемпионатында «атой салды». 2022 жылы Айдостың жолы жартылай финалда Жоламанмен түйісіп ұтылып қалған еді. Айдосқа шын мықты екенін дәлелдеп, Олимпиада ойынының алтынын

келеді. Әлем және Азия чемпионатында ел намысын қорғап, күміс медаль да, қола медаль да алды. Жетіспей тұрғаны – алтын медаль. Ол үшін қырғыз дарасы Ақжол Махмұдов сынды мықтыны ұтуы керек. Қазір Ақжол Токио Олимпиадасындағы күмісті алтын медальға

медальдің кермек дәмі сезіледі...

Соңғы рет Олимпиада жүлдесін 87 келі салмақта Даниял Гаджиев алған-ды. Содан кейінгі уақытта қазақ балуандарының жолы болмай жүр. Бәлкім, Даниял бағындырған биікті 87 келідегі ел чемпионы Азамат Құстубаев бағындырар. Елордалық балу-



ТУРНИР МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

«Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен жасөспірімдер арасында шайбалы хоккейден «Samruk bala cup» атты республикалық турнирдің жеңімпаздары анықталды.

Ақмола, Абай, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарынан 300-ден астам ауыл балалары қатысты. «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы дирек-

торы Гибрат Ауғанов, Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының бұқаралық спорт бөлімінің басшысы Азамат Агзамов қатысып, жүлдегерлерді марапаттады.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды Ақмола облысы Целиноград ауданынан келген «Родина» командасы, 2-орынды Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының «Алтай» командасы, 3-орынды Павлодар облысы Тереңкөл ауданының «Юность» командасы иеленді.

ЛӘЗЗАТ ИСПАНИЯДА ДАРА ШЫҚТЫ

Бокстан Қазақстан әйелдер құрамасы Испанияның Ла-Нусия қаласында өткен Voxam Elite-2024 турнирінде табысты өнер көрсетті.

52 келіде бақ сынаған Жазира Орақбаева және 81 келіден аса салмақта күш сынасқан астаналық Ләззат Күнгебаева жеңімпаз атанды.

– Биыл – Олимпиада ойындарының жылы. Спортшылар дайындығын күшейтіп, төртжылдықтың басты бәсекеінде өнер көрсетуге ниетті. Біздің мақсат – Олимпиадада өнер көрсетіп, байрағымызды көкке көтеру. Бұл жолда тер төгіп, техникалық және тактикалық шеберлігімізді шыңдаудамын, – деді Ләззат.

Жарыстың финалына Қазақстаннан 9 боксшы шығып, оның жетеуі шешуші аяқаста қарсыластарынан жеңіліп қалды. Олар – Әйгерім Сатыбаева (48 кг), Назым Қызабай (50 кг), Әнел Сақыш (54 кг), Аида Әбікеева (63 кг), Мәдина Нұршаева (70 кг), Гүлсая Ержан (75 кг) мен Фариза Шолтай (81 кг).



Бетті дайындаған **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**



ҚОС ТАЛАНТҚА ТАҒЫМ КОНЦЕРТІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрі тарихында күйші-композитор, дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мырзағали Айдаболов пен күйші-композитор, дирижер, Мәдениет саласының үздігі Мұхамметқали Тіналин есімдері ерек орын алады. Алғашқысы осы оркестрдің негізін қалаушы, алғашқы көркемдік жетекшісі-бас дирижері болса, екіншісі оркестрде дирижер, музыкалық шығармаларды өңдеуші болып жұмыс істеді. Жалпы бұл екі азамат ұлттық өнер мен Астана мәдениетінің өрлеуіне өлшеусіз үлес қосып кетті. Жуырда аталмыш оркестр осы өнер иелерінің рухтарына тағым ретінде «Дарынгер» атты еске алу кешін өткізді.

Қос талант ән-күйге кішкентайынан құштар болды. Мырзағали Айдаболов 8 жасқа толған шағында ұлының музыкалық қабілетін байқаған аңғарымпаз әке өзі қолдан домбыра шауап беріпті. Сол сәттен бастап төл аспабымыз қолынан түспей, өмірлік жан серігіне айналды. Асқақ арманы жетелеп, Семейдегі Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесіне келіп, «домбыра және оркестр дирижері» мамандығы бөліміне оқуға түседі. Одан кейін Құрманғазы атындағы консерваторияға Хабидолла Тастановтың және Фуат Мансуровтың кластарына түсіп, білімін жетілдіреді.

Мырзағали Айдаболов 1997 жылы Астана әкімдігінің шақыруымен елордаға қоныс аударып, қалалық филармонияның қазақ ұлттық аспаптар оркестрін құруға кіріседі. Өнер ұжымын күндіз-түні дайындап, 1998 жылдың 15 сәуірінде «Жастар» сарайында оркестрдің тұсаукесер концерті өтті. Бұл астаналық филармонияның негізін

қалаған алғашқы өнер ұжымы болды. Мырзағали Айдаболов соңғы демі таусылғанша оркестрді басқарып, қалыптастырып кетті.

Мұхамметқали Тіналин балалар музыка мектебінде баян аспабы бойынша білім алды. Құрманғазы консерваториясында Хабидолла Тастановтың сыныбында оқи жүріп, Ғазиза Жұбанова, Кенжебек Күмісбеков, Латиф Хамиди сынды белгілі өнер қайраткерлерінің тәлімін көрді. Студент кезінен аса жоғары музыкалық қабілетімен көзге түсті. Жоғары курста оқып жүргенде Бішкек қаласында өткен ІІ Бүкілодақтық халық аспаптарында орындаушылар байқауына қатысып, лауреат атанады. Сол кезден бастап арнайы шақыртумен Құрманғазы атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрімен, «Гүлдер», «Шалқыма» эстрадалық ансамбльдерімен бірнеше елдің сахналарында өнер көрсетті.

Консерваторияны аяқтағаннан кейін өзі туған Целиноград

қаласына оралып, өткен ғасырдың сексенінші жылдары «Тың игерушілер» сарайының «Алтын дән», облыстық филармонияның «Армандастар» эстрадалық ансамбльдерінде жетекшілік етті. Ақмола өңірінде алғашқы халық аспаптары оркестрін құрып, қазақ оркестріне арналған көркем туындылардың жарыққа шығуына еңбек сіңірді. Қазақ аз қоныстанған аймақта қазақ халық аспаптары оркестрін құру оңай болмады. Бірақ алдына үлкен мақсат қойған талантты музыкант Сарыарқа төрінде қазақ аспаптарының үнін асқақтатып, елдің рухын оятты. Өмірінің соңына дейін Қазақ ұлттық өнер университетінде дәріс беріп, астаналық филармониямен байланысын үзбеді. 40-тан аса ән-күй, музыкалық туындыларды жазып, 200-ден аса шығарманы оркестрге, ансамбльдерге лайықтап өңдеді.

«Дарынгер» кешінде Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармо-

ниясының қазақ оркестрі (бас дирижері-көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов, дирижері – Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов), қос музыканттың шәкірттері мен ұрпақтары, филармония солистері олардың төл туындылары мен өңдеген шығармаларын, қос тарланға арнауларды орындады. Атап айтқанда, белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Сарина, қобызшы Жанар Жүсіпова, Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев, «Дарынгер» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда, Мырзағали Айдаболовтың қызы Гүлжан Айдаболова, Мұхамметқали Тіналиннің перзенті Перизат Тіналина өнер көрсетті. Осы кешке атау берген «Дарынгер» туындысын Мұхамметқали Тіналин майталман музыкант Нұрғиса Тілендиевке арнаған еді. Осы шығарма да орындалды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мемлекеттік мекемесі мемлекет және қоғам қайраткері, тіл жанашыры Оразқұл Асанғазықызының семинар-дәрістерін Жоғары көлік және коммуникация колледжі мен Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясында өткізді.



Мұндағы мақсат – мемлекеттік тілдің одан әрі дамуы мен күнделікті өмірдегі қолданысын өркендету, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ету.

Кездесу барысында спикер күнделікті өмірде қазақ тілінде сөйлесу мәдениетін жоғары дәрежеге жеткізу, қастерлі тіліміздің қазыналарын көздің қарашығындай сақтау туралы әңгіме өрбітіп, отансүйгіштік қасиетпен қатар туған Отанды құрметтеу мемлекеттік тіл – қазақ тілінің құн-

дылықтарын сіңіріп, берік сақтаумен байланысты екенін атап өтті. Алдағы уақытта да қоғамға қажет мұндай маңызды кездесулер аумақтық және жергілікті мемлекеттік органдарда, ведомстволық мекемелер мен ұйымдарда, кәсіпорындарда, мекемелерде өтетін болады.

Айжан СЕРІКҚЫЗЫ,
Астана қаласы «Руханият» мемлекеттік мекемесі баспасөз қызметінің жетекшісі

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«ӘДЕМІНІҢ» ӨНЕР ӘЛЕМІ

«Әдемі» ардагерлер ансамблінің елорданың Алматы ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жанынан құрылғанына екі жылға жуықтады. Зейнеткерлерден құралған, әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап, ән салатын, жанынан өлең шығаратын өнер ұжымы мүшелерінің жалпы саны – қазір 34. Соның ең үлкенінің жасы – 78-де. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі – Жалдыбай Байғараұлы.

«Ансамбль мүшелері – жүректен ән деп соғып тұрған адамдар. Бірақ бұрын сахнада ән салып көрмеген. Оның үстіне біздің кезімізде «әртис боламын» десен, ата-аналарымыз шошып, өнерге жібермей қойған жағдайлар көп кездесті. Содан талантты болып тұрса да, іштегі өнерді тұншықтырған замандастарымыз да бар. Солар ансамбльге келіп, жастық шақтарындағы армандарын орындап жатыр. Жетекшіміз Жалдыбай Байғараұлы – өте талантты жігіт, сауатты музыкант, сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Өзі әртүрлі аспаптарда ойнайды. Қазір сол кісі бізге ұстаз болып отыр. Біз сияқты үлкен кісілердің тілін табу оңай емес қой, Жалдыбай Байғараұлы мол тәжірибесінің,

шыдамдылығының арқасында бәрімізді бір іске жұмылдырып отыр. Бізге ерлі-зайыптылар да келеді. Қазір төрт жұбымыз бар» дейді ансамбльдің жетекшісі Райгүл Оспанқұлова.

Оның айтуынша, ансамбль құрамы түрлі мамандық иелерінен, әр саланың бұрынғы қызметкерлерінен құралған. Арасында заңгер де, мұғалім де, дәрігер де, экономист те, банк қызметкері де кездеседі. Өнерге еш қатысы жоқ салаларда қызмет еткен адамдардан ансамбль әншілерінен бөлек, домбырашылар, қобызшылар, сазсырнайшылар, дабылшылар тобы құрылды.

«Бұрын «Арқа әуендері» ансамблі құрамында болдым. Онда төрт жылдай ән салдым.

Өткен жылдың қараша айында жұбайыммен бірге «Әдеміге» ауыстық. Өнер ұжымында қалыптасқан ауызбіршілік, татулық, жылулық өзіне баурап алады. Кейде бір жарым сағаттан үш сағатқа дейін концертке дайындаламыз. Соның өзінде еш шаршамай, керісінше демалып шығамыз. Органың аурасы бөлек» дейді оркестр мүшесі Ибрагим Бейсенбайұлы.

«Әдемі» ансамбліне қабылданғаннан кейін өмірге құштарлығы артқан, өнер құдіреті іштегі қайғыны сейілткен адамдар да бар. Ансамбль мүшелері тек өнерді ғана насихаттамай, ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Соның ішінде ұлттық киімге ерекше көңіл бөледі. Киімге, әшекей бұйымдарға



өз есебінен Түркияға дейін тапсырыс береді.

Ансамбль орта мектептермен, «Бақытты отбасы» секілді әлеуметтік орталықтармен тығыз байланыс орнатқан. Осы мекемелерде концерттерді беріп тұрады. Мәселен, жақында Сарыарқа ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы қызметін пайдаланушылардың көңілін көтерді.

Әдеби-сазды кеш форма-

тында өткен кеш барысында өлеңдер оқылып, әндер мен күйлер әуеледі. Концерте халық әндері мен халық күйлерімен қатар Латиф Хамиди, Нұрғиса Тілендиев, Әбілахақ Еспаев сынды қазақтың классик және Кентау Назарбек, Халықберген Әбілжанов, Құрал Молжанов, Исламхан Байгесінов секілді қазіргі композиторларының әндері, Үлебай Әнетұлының «Дудар-айы» мен Қорабай Есе-

новтың «Жас қаламы», Құрманғазының күйлері орындалды. Музыкалық шығармаларды Күлән Сүлейменқызы, Айжамал Досымқызы, Жұмабике Кәтімханқызы, Ибрагим Бейсенбайұлы, Серік Құлмағанбетов, Бақытқұл Ақанқызы, Аманай Төлеуұлы, Жалдыбай Байғараұлы, Гүлбаршын Сейітқызы, Меңдеш Тоғанқызы, Марсия Рақымбердіқызы нақышына келтіріп орындады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫП**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №16

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**